

"Шұғыла" бөбекжай – балабақшасы" МКҚК

"Балабақша-болашақ, бесігі"

(пікір алмасу)

Тәрбиеші: Рапилбекова С

Тақырыбы: «Балабақша – болашақ, бесігі»

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңестігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлттымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағаны дұрыс. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Халқымыздың тәлім-тәрбиесін, асыл қағидаларын жан тәнімен сезініп, өмірге енгізуде қатардағы- педагог тәрбиешілер. Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу бұл жауапты да күрделі міндет, оны іске асыру бала туғаннан бастап, отбасы, балабақша, мектеп болып, үздіксіз іске асатын процесс. Сондықтан біздің мақсатымыз қазақ балабақшасындағы тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып балабақшалардан жұмыс мазмұнын қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып кележатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, бейімдеу. Осыған орай тәрбиешілер алдындағы балаларға ұлттық дәстүріне, әдет-ғұрпына, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, ойлауын, қабылдауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеті болып табылады.

Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші — тәрбиеші. Отбасында балабақшада және қоғамдық орындарда үлкенді сыйлауға кішіге қамқорлық жасауға құрбыларымен санаса білуге жеріне, салт – дәстүріне деген сүйіспеншілікке тәрбиеленеді. Баланы мектепке қандай отбасы болса да дайындай алады; себебі мұнда шешуші рөл атқаратын ата-аналардың білім дәрежесі емес, сол отбасының, ең алдымен ата-ананың алдында тұрған тәрбиелік міндеттерді жете түсіне біліп, оны іс жүзіне асыруға ұмтылыс жасауына байланысты. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: Бала әлі кішкентай ештеңе білмейді, түсінбейді деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесіп, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сіңіру, ана уызбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру балабақша мен ата-ананың міндеті екенін ұмытпайық.

Тақырыбы: «Балабақша – болашақ, бесігі»

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңестігіне толық енудің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлттымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағаны дұрыс. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Халқымыздың тәлім-тәрбиесін, асыл қағидаларын жан тәнімен сезініп, өмірге енгізуде қатардағы- педагог тәрбиешілер. Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу бұл жауапты да күрделі міндет, оны іске асыру бала туғаннан бастап, отбасы, балабақша, мектеп болып, үздіксіз іске асатын процесс. Сондықтан біздің мақсатымыз қазақ балабақшасындағы тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып балабақшалардан жұмыс мазмұнын қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып кележатқан ұлттық дәстүріне, тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, бейімдеу. Осыған орай тәрбиешілер алдындағы балаларға ұлттық дәстүріне, әдет-ғұрпына, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, ойлауын, қабылдауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеті болып табылады.

Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші — тәрбиеші. Отбасында балабақшада және қоғамдық орындарда үлкенді сыйлауға кішіге қамқорлық жасауға құрбыларымен санаса білуге жеріне, салт – дәстүріне деген сүйіспеншілікке тәрбиеленеді. Баланы мектепке қандай отбасы болса да дайындай алады; себебі мұнда шешуші рөл атқаратын ата-аналардың білім дәрежесі емес, сол отбасының, ең алдымен ата-ананың алдында тұрған тәрбиелік міндеттерді жете түсіне біліп, оны іс жүзіне асыруға ұмтылыс жасауына байланысты. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: Бала әлі кішкентай ештеңе білмейді, түсінбейді деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесіп, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сіңіру, ана уызбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру балабақша мен ата-ананың міндеті екенін ұмытпайық.



